

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ.....	3
2. Шаруашылық жүргізуші субъектілердің қаржысын басқару.....	9
3. Мемлекеттің қаржысын басқару.....	11
4. Қаржыны басқарудың автоматтандырылған жүйесі.....	22
Қаржы менеджменті бәсекепестік ортадағы ортадағы ролі өндіріс барысын тиімді ұйымдастырумен және оның қажетті қаржы ресурстарымен қамтамасыз ету, осы процесстерді үнемі бақылап отырудан көрініс табады. Нарықтағы үлкен сұраныстарға не болып жүрген тауарларды немесе әлі нарықта түспеген жаңа тауарларды іздестіру, оларды өндіруге инвестициялар салу кәсіпорының табыс көздерін арттыруға септігін тигізеді.....	28
Қаржы менеджменті бәсекепестік ортадағы ортадағы ролі өндіріс барысын тиімді ұйымдастырумен және оның қажетті қаржы ресурстарымен қамтамасыз ету, осы процесстерді үнемі бақылап отырудан көрініс табады. Нарықтағы үлкен сұраныстарға не болып жүрген тауарларды немесе әлі нарықта түспеген жаңа тауарларды іздестіру, оларды өндіруге инвестициялар салу кәсіпорының табыс көздерін арттыруға септігін тигізеді.....	34

КІРІСПЕ

Басқару адам қызметінің барлық аясына, соның ішінде қаржы қызметіне де тән нәрсе. Ол белгілі бір нәтижеге жету үшін субъектінің объектіге нысаналы ықпал етуінің тәсілдері мен әдістерінің жиынтығы.

Адамдардың саналы, мақсатты қызметі ретіндегі басқару экономикалық заңдардың объективті заңдылықтары мен талаптарына негізделген. Осы заңдардың талаптарын танып білуге сүйене отырып және оларды пайдаланудың нысандары мен әдістерін жасай отырып, мемлекеттік, шаруашылық және қоғамдық органдар арқылы қоғам қаржыны, бағаны, кредитті және тағы басқаларын ирса, өндірістік қатынастардың нысандарын саналы түрде басқарады.

Қаржыны басқару — бұл қаржыны және шектесуші экономикалық және әлеуметтік жүйелерге оларды жетілдіру және дамыту мақсатымен ықпал жасау процесі және қаржы қатынастарының бүкіл жиынтығының тиімді жұмыс істеуіне жетуді және мұның негізінде тиісті қаржы саясатын жүргізуді қамтамасыз ету жөніндегі мемлекет (қаржы органдары арқылы) шараларының жиынтығы. Сөйтіп, қаржыны басқару — бұл тиісті қаржы саясатына жетудің мақсаты; қаржы механизмі — бұл мақсатқа жетудің құралы; қаржы саясаты — қаржыны басқарудың тиісті процесінің түпкілікті қорытынды нәтижесі. Бұл орайда қажетті нәтижеге жету үшін объектіге мақсатты ықпал жасаудың әдістері мен тәсілдері пайдаланылады. Қаржы жүйесінде оны басқаруды арнаулы аппарат ерекше тәсілдер мен әдістердің, соның ішінде әр түрлі ынталандырмалардың және санкциялардың көмегімен жүзеге асырады.

Отандық экономикалық теорияда және тәжірибе жүзінде кәсіпорын қызметін стратегиялық басқару мәселелері әлі де болса жеткіліксіз қарастырылып келеді. Мұның басты себебі — еліміздегі экономикалық белбұрыстардың басталуына дейін стратегиялық басқару мемлекеттің өз қолында болып келді. Мемлекет өзінің экономикалық саясаты шеңберінде елдің дамуы мен келешегінің стратегиясын қалыптастырып, салалар мен кәсіпорындардың өзекті стратегиялық мақсаттарын анықтап келді. Алайда, нарықтық қатынастардың қалыптасуы және дамуы бәрінде өз орнына ирды. Қазіргі таңда кәсіпорындардың өміршеңдігі, табыстылығы, бәсекелестікке жарамдылығы өз қолдарында, яғни олардың өз қаржылық және шаруашылық жағдайын нығайту кәсіпорынның қаржы менеджментінің стратегиялық міндеті болып табылады.

Жалпылай айтқанда қаржы менеджменті дегеніміз – бұл кәсіпорынның табыс табудың және өндiрiстi дамытудың стратегиялық мақсаттарын жүзеге асыру үшін қажеттi ақша ағындарын қамтамасыз етумен, қаражаттар мен ақша қорларын, қалыптастырумен және қолданумен байланысты кәсіпорындардың басқару қызметі болып табылады.

1. Қаржыны басқару ұғымы

Қаржыны басқарудың екі аспектісін ажырата білген жөн: біріншіден, мемлекет қаржысы, оның нысандарын экономика мен әлеуметтік сфераны басқарудың тәтті, тұтқасы ретінде пайдаланады және сөйтіп, қызғандық өндірістің бүкіл процесіне ықпал жасайды; екіншіден, қаржының өзі басқарудың объектісі болып табылады: қаржы қатынастарының нысандары, ақша қорлары, қаржы аппараты, яғни қаржы мекемелерінің жүйесі басқарылады.

Қаржыны басқаруға ғылыми көзқарас қаржы қатынастарының әрбір сферасында, олардың әрбір буынында оны басқаруға көп жоспарлы сипат пен жүйелі көзқарасты айқындайды. Заңы заңдарда, қаржылық болжалдар мен жоспарларда, қаулыларда және басқаларда ресімделетін қаржылық сипаттағы басқару шешімдерін әзірлеген кезде экономикалық және заңи заңдардың талаптарын, отқан шаруашылық кезеңнің қорытындыларының ғана емес, сонымен бірге келешекті экономикалық талдаудың нәтижелерін, экономикалық-математикалық әдістер мен қаржыны басқарудың автоматтандырылған жүйесін, басқарудың экономикалық және өкілшілік әдістерінің ұғымы үйлесуін ескерген жөн. Қаржыны ғылыми басқару іс-қимылыға жаңа қаржы әдістері мен тұтқаларын енгізу немесе ескілерінің күшін жою жолымен келеңсіз құбылыстарды уақтылы жеңіл отыруды қажет етеді. Сонымен бірге айқын және уақтылы экономикалық ақпарат, ғылыми негізделген көрсеткіштер, жоғары сапалы перспективалық және ағымдағы қаржылық жоспарлау талап етіледі.

Қаржы қатынастарының әрбір сферасы мен әрбір буынында басқару субъектілері қаржыға мақсатты ықпал етудің өзіндік әдістері мен нысандарын пайдаланады. Мәселен, қаржыны басқаруда мынадай бірнеше өзара байланысты нақтылы функционалдық элементтерді боледі: ақпарат жоспарлау (болжау), ұйымдастыру, реттеу, бақылау.

Қаржылық, ақпараттық ғылыми негізделген жоспарлау мақсаты үшін де, сондай-ақ бүкіл қаржы процесін оперативті басқару үшін де зор маңызы бар. Жоспарлау процесіндегі басқару шешімдері қаржы ақпаратына талдау жасау негізінде қабылданады, ол осыған байланысты жеткілікті толық әрі ақиқат болуы тиіс. Ақпаратты алудың ақиқаттығы мен уақыттылығы негізделген шешімдер қабылдауды қамтамасыз етеді. Қаржылық ақпарат бухгалтерлік, статистикалық және оперативтік есеп беруге негізделеді.

Қазақстанның шаруашылық практикасында пайдаланылатын термин.

Жоспарлау (бөлмеу) қаржыны басқарудың жүйесінде маңызды орын алады. Бұл — жоспарлы тапсырмаларды орындауға қажетті ақша қаражаттарының мөлшерін және оның көздерін анықтау; орталықтандырылған және орталықтандырылмаған ақша қорлары арасында, ұлттық шаруашылықтың салалары мен әкімшілік-аумақтық бірліктері арасында қаражаттарды бөлудің оңтайлы үйлесімін (пропорциясын) белгілеу; ресурстарды пайдаланудың нақты бағыттарын анықтау және т.б.

Ұйымдастыру — басқарудың барлық буындарының және салыңғандығын, айқындығын, қаржы аппаратының жоғары нәтижелілігін, басқару қызметкерлерінің жауапкершілігі мен тәртіптілігін білдіреді.

Қаржыны басқаруды дұрыс ұйымдастырудың маңызы зор. Көбінесе қаржыны оперативті басқарудың нәтижесі қаржы субъектілерінің — қаржы органдарының, салық комитеттері мен қаржы полициясының және ұлттық шаруашылық салаларындағы қаржы бөлімдерінің толып жатқан аппаратының жұмысының қолай ұйымдастырылып отырғанына байланысты болады. Қаржы аппаратының ұйымдастырылу дәрежесі жоғары болуы тиіс. Бұл қаржы құрылымдарының барлық қызметкерлерінің біліктілігі мен жеке бітірлігіне жоғары талаптар қояды.

Қаржылық реттеу — бұл жоспарлы тапсырмалардың орындалуы үшін қаржы ресурстарын ікемді, шебер жұмсау, белгіленген нәтижеден теріс ауытқулардың барлық түрін алдын алуға және жоюға бағытталған; мұның өзі резервтік (сақтық) қорлары, жоспардан тыс қаржы ресурстары, пайдаланылмаған қаржылар есебінен қызметтердің барлық түрлерінде арақатынас пен үйлесімділікті қамтамасыз етуді білдіреді.

Бақылау басқарудың элементі ретінде жоспарлау процесінде де, сонымен бірге оперативтік басқару стадиясында да жүзеге асырылады. Ол қоғамда барлық қаржы процестерін (операцияларын) жүргізудің дұрыстығы мен заңдылығын тексеру және қамтамасыз ету жөніндегі қаржы құқығының нормаларын басшылыққа алып отыратын қаржы аппараттарының қызметін қамтиды. Бақылау қаржы ресурстарын пайдаланудың нақты нәтижелерін жоспарлы көрсеткіштермен салыстыруға, қаржы ресурстарын өсірудің резервтерін айқындауға, шаруашылықты нағұрлым тиімді жүргізудің жолдарын белгілеуге мүмкіндік береді.

Қаржыны басқаруда басқа көз көлген басқарылу жүйесіндегідей басқарудың объектілері мен субъектілері бөлінеді. *Объектілер* ретінде қаржы қатынастарының сан алуан түрлері бола алады, басқаруды жүзеге асыратын ұйымдық құрылымдар *субъектілер* болып табылады. Қаржы

қатынастарын олардың сфераларына сәйкес объектілердің екі тобын бөледі: шаруашылық жүргізуші субъектілердің қаржысы, мемлекеттің қаржысы. Оларға басқарудың нысаны субъектілері сәйкес келеді: қаржы службалары (шаруашылық жүргізуші субъектілердің бөлімдері), қаржы және салық органдары. Қаржыны басқаруды жүзеге асыратын барлық ұйымдық құрылымдардың жиынтығы қаржы атқарғышы деп аталады.

Кәсіпорындарда және ұлттық шаруашылық саласында қаржыны басқаруды кәсіпорындардың, ұйымдардың және мекемелердің қаржы бөлімдері мен службалары, сондай-ақ сақталып отырған министрліктер мен ведомстволардың қаржы бөлімдері мен басқармалары жүзеге асырып отырады.

Нарықтық экономиканың қалыптасып, дамуы жағдайындағы қаржыны басқару қаржы бойынша басқару шешімдерін негіздеуді, бүтінде нашар пайдаланып жүрген әдістерді іске асыруды, басқару функцияларының — реттеудің, қаржы рыногын қалыптастыру әдістерінің бір элементі ретінде қаржы ресурстарын есебін тауып пайдалануды күшейтуді талап етеді. Бұл жағдайда нарықтық экономикаға келікен Шығыс Еуропа елдерінің де, сонымен бірге әлеуметтік жағынан бағдарланған нарықтық экономика жағдайында көп жылдар бойы өмір сүріп отырған капиталистік елдердің де тәжірибесін ескерген жөн.

Өткен кездің оңтайлы тәжірибесіне келенсіз қарау қаржының дамуына, оны басқаруға қайшы келді: бюджетке төленетін төлемдердің салық нысандары жеткіліксіз пайдаланылды, бюджеттен төленетін субвенциялардан (мақсатты жәрдем қаржыдан) бас тарту болды және т.б. Осы және басқа себептерге байланысты қаржының рөлі төмендеді. Экономиканы басқаруды қайта құру жаңа қаржы саясатын жасап, жүзеге асыруды, қаржыны басқарудың қандалы жаңа әдістеріне көшуді талап етті. Бұл әдістер экономикаға қаржының реттеуші нысанын күшейтуді қамтамасыз етуі, ұжамдық өндірістің тиімділігін өсіруге, әлеуметтік саланы дамытуға мүмкіндік туғызуды тиіс.

Тәжірибе көрсетіп отырғандай, мемлекеттің қаржысын басқарудың қолданылып жүрген жүйесінің айтарлықтай кемшіліктері бар. Олардың бастыларына мыналарды жатқызуға болады.

Біріншіден, өкіметтік операцияларды қамтудың толық еместігі.

Қазіргі кезде өкіметтік операциялардың едәуір бөлігі, бөліктің айтақтық және жергілікті органдарының барлық операциялары Қаржы министрлігі тарапынан болатын тиімді бақылаудан тыс қалып қояды. Ең

аддымен бұл толып жатқан бюджеттен тыс қорлардың қаражаттары, шетелдік субсидиялар мен көтеркелерді пайдалану жөніндегі операцияларға, шетел валютасындағы бюджет операцияларына, сондай-ақ мәзгілі өткен сыртқы берешекке қызмет ету жөніндегі операцияларға қатысты.

Екіншіден, түсімдерді уақтылы алуға жеткілікті бақылауды жасамау.

Қаржы министрлігі, Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі бұл проблемаларды ойдағыдай шеше алатыны, мемлекеттік басқарудың деңгейлері арасында салықтық түсімдерді, шығыстарды түзету жүйесіндегі кемшілікті белгілеу бақылауды жолға қояры сөзсіз.

Үшіншіден, мемлекеттік бюджет тапшылығын қаржыландыру жүйесінің кемшіліктері.

Бұрынғы КСРО-да мемлекеттік бюджеттің тапшылығын қаржыландырудың дәстүрлі жөзі ұзақ жылдар бойы Мемлекеттік банктің пайызсыз кредиттері, сондай-ақ Жинақ банкілеріндегі халықтың салымдары болып келді. Қазіргі кезде бұл көздерді пайдалану қиын мәселе болып қалды.

Мемлекеттік бюджет тапшылығын жабуудың баламалы қаржы жөзі ретінде пайдалануға болатын мемлекеттік бағалы қағаздарды шығару бүгінге дейін көрінен тарапмай отыр. Мұның экономикалық дағдарыстар мен инфляция жағдайында заңды екенін мойындауға тура келеді.

2. Шаруашылық жүргізуші субъектілердің қаржысын басқару

Бұл бұйының қаржысын басқаруды министрліктердің, ведомстволардың, концерндердің, ассоциациялардың, қоғамдардың, серіктестіктердің қаржы департаменті (басқармалары) мен бөлімдері шаруашылық жүргізуші субъектілердің қаржы бөлімдерімен қаржы службалары жүзеге асырады.

Қоғамдық ұйымдардың қаржысын осы ұйымдардың қаржы бөлімдері мен тұлғалары басқарады.

Министрліктер мен басқа жоғарғы органдардың қаржы басқармаларының аппараты жиынтық қаржыны болжау (жоспарлау), кірістер мен шығыстардың жиынтық балансын бақылау жөніндегі жұмыстарды жүзеге асырады, ведомствоға қарасты кәсіпорындардың қаржы бөлімдерінің жұмысын үйлестіреді.

Қаржы жүйесінің бұл бұйынында нарық жағдайында басқару қаржы менеджменті деп аталады және кәсіпорындар мен ұйымдардың кәсіпкерлік қызметі арқылы және соның шеңберінде әлеуметтік-экономикалық процестерді басқарудың нысаны болып табылады. Қаржы менеджментінің мәні тиісті службалар тарапынан қосымша қаржы ресурстарын ең тиімді етіп тартуға, оларды неғұрлым ұтымды етіп жұмсауға, қаржы рыногында бағалы қағаздарды сатып алып, қайтып сатып пайдалы операциялар жасауға мүмкіндік беретіндей етіп қаржыны басқаруды ұйымдастыру.

Кәсіпорындарда қаржы менеджментінің объектілері мыналар болып табылады: жылжымайтын және жылжымалы мүлік, мүліктік құқықтар, жұмыстар және қызметтер, ақпарат, зияткерлік (интеллектуалдық) қызметтің нәтижелері, материалдық емес игіліктер.

Қаржы менеджменті уәждемелерге — адамдардың немесе ұжымдардың қажеттіліктері мен тиісті қылықтарын анықтайтын мақсаттарды іске асыру жөніндегі қызметке негізделеді. Уәждеме іскерлік белсенділікті, еңбек өнімділігі мен сапасын арталандыру процесінде көрінеді.

Шаруашылық жүргізуші субъектілердің қаржы бөлімдері (службалары) кредит және есеп айырысу операцияларының (акциялардың, вексельдердің, факторингтің және басқалардың) жаңа нысандарын пайдалана отырып, оперативті қаржылық жоспарлауды, қаржы ресурстарымен оңтайландыруды жүзеге асырады.

Шаруашылық серіктестіктерінде қаржыны басқаруда басқа функциялармен қатар, жоғарғы органдар — олардың қатысушыларының

жалпы жиналысы (окилдіктердің жалпы жиналысы), акционерлік қоғамдарда — акционерлердің жалпы жиналысы ұйғестіріп отырады. Аткарушы орган - басқарма өзінің лауазымды адамдарының, соның ішінде қаржыны басқару жөніндегі лауазымды адамдардың құрамына мыналарды қосады: қаржы жөніндегі вице-президентті (басқарушының орынбасарын); оң беріктестіктің (қоғамның) тиісті бөлімшесіне — қаржы бөліміне, топқа, секторға жетекшілік етеді немесе оның бағынышындағы жеке қызметкерлер — шаруашылық жүргізуші субъектісінің қаржылық қызметінің бағыттары жөніндегі қаржы менеджерлері жұмыс істейді.

Қаржы бөлімінің құрылымы (3.1 сызбаны қараңыз) әдетте болжамды талдамалық, есеп-қисап, шағым, оперативтік-қаржылық жұмыстың бағыттарына негізделеді.

Қаржы-өтім бөлімдері бюджетпен, банктермен, жоғарғы ұйымдармен есеп айырысу жөніндегі, кассалық сияқты топтарға бөлінеді.

Шаруашылық жүргізуші субъектілердің қаржы службаларының маңызды міндеттері мыналар болып табылады:

табысты немесе пайданы өсірудің жолдарын іздестіру және рентабельділікті арттыру;

өндіріс, күрделі қаржылар, жаңа техниканы өндіру және басқа жоспарлы шығындар жөніндегі тапсырмаларды қаржы ресурстарымен қамтамасыз ету;

1 сызба. Шаруашылық жүргізуші субъектісінің қаржысын басқару

Шаруашылық жүргізуші субъектінің қаржы бөлімі					
Жоспарлау-экономикалық бюросы		Банк және кассалық операциялар бюросы		Есеп айырысу бюросы	
Т О П Т А Р					
Қаржылық-кредиттік жоспарлау және бақылау	Оперативті к-жоспарлау және бақылау	Экономикалық талдау	Сатып алушылармен есеп айырысу бюросы	Жеткізушілермен есеп айырысу	Кінорат-талап тобы

мемлекеттік бюджет, банктер, жеткізушілер, жоғарғы ұйымдар арасындағы қаржылық міндеттемелерді орындау;

есеп айырысуларды ұйымдастыру;

өндірістік капитал мен күрделі жұмсалымды тиімді пайдалануға жәрдемдесу;

қаржы ресурстарының дұрыс пайдалануды бақылау, айналым қаражаттарының сақталымдылығы мен тездетілген айналымдылығын қамтамасыз ету және басқалары.

Қаржыны оперативті басқаруға банк мекемелері қатысады. Екінші деңгей банктері кәсіпорындар мен ұйымдарға есеп айырысу-қосалық қызмет көрсетуді жүзеге асырады, ақшаға деген уақытша қажеттіліктерді несие өндіреді.

Шаруашылықты жүргізудің нарықтық негізіне көпжылдан кейін кәсіпорын басшыларының, акционерлік компаниялар мүшелерінің ғана емес, сондай-ақ басқарудың әкімшіл-әміршіл әдістері жағдайында болмашы рөл атқарған қаржы службаларының да рөлі ерекше арта түсті. Кәсіпорындарды дамытудың қаржы көздерін, қаржы ресурстарын нағұрлым тиімді инвестициялаудың бағыттарын іздестіру, бағалы қағаздармен операциялар жасау және қаржы менеджментінің басқа мәселелері нарықтық экономика жағдайындағы кәсіпорындардың қаржы службаларының негізгі мәселелері болып отыр.

3. Мемлекеттің қаржысын басқару

Қаржыны басқару стратегиялық, яғни қаржыны жалпы басқару және оперативтік басқару болып ажыратылады. *Стратегиялық басқару* қаржы ресурстарын келешекте болжау арқылы анықтауда, мақсатты бағдарламаларды және басқаны іске асыруға арналған қаржы ресурстарының ауқымын белгілеуде жүрінеді. Оны дәстүр бойынша мемлекеттік биіктің және басқарудың жоғарғы органдары — Президент аппараты, Парламент, Үкімет, Қаржы министрлігі, Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасы Президентіне көп жағдайда Президент аппараты арқылы қаржыны басқаруға үлкен өкілеттік берілген:

- 1) республикалық бюджетті әзірлеу және оның атқарылуы туралы есеп беру тәртібін айқындайды;
- 2) Республикалық бюджет комиссиясын құрады, ол туралы шарадан бекітеді, оның құрамын айқындайды;
- 3) Қазақстан Республикасының аумағында төтенше мемлекеттік бюджет енгізу туралы шешім қабылдайды және оны әзірлеу тәртібін айқындайды;
- 4) мемлекеттегі жағдай мен республиканың ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттары туралы Қазақстан халқына жыл сайынғы

жолдауда алдағы жылға арналған Қазақстан Республикасының қаржы-кредит және бюджет саясатының негізгі бағыттарын айқындайды;

5) Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын басқару жөніндегі кеңес құрады және ол туралы қағидады бекітеді, Ұлттық қорды қалыптастыру және пайдалану тиімділігін арттыру жөнінде, сондай-ақ оны пайдаланудың мөлелі мен бағыттары жөнінде шешімдер қабылдайды. Ұлттық қорды қалыптастыру және пайдалану туралы есептерді бекітеді;

6) Қазақстан Республикасындағы төтенше келесе соғыс жағдайларында тиісті қаржы жылының бірінші тоқсанына арналған республикалық қаржы жоспарын бекітеді және Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Қаржыны жалпы басқару Қазақстан Республикасының заң шығару қызметін жүзеге асыратын елдің ең жоғарғы өкілді органы — Парламентке жүктелген. Палаталардың бірлескен отырысында Парламент Үкімет пен Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есептерін бекітеді, республикалық бюджетті, сондай-ақ республикалық бюджетке өзгерістер мен толықтырулар енгізеді, бекітеді, салықтар мен алымдарды белгілейді және оларды алып тастайды, мемлекеттік қарыздар мен республиканың экономикалық және өзге де көмең көрсетуі туралы мәселелерді шешеді.

Парламенттің құзырында қаржы проблемаларын шешу заңнамалық актілерді — Қазақстан Республикасының заңдары мен Парламент қаулыларын талқылауға және кейін дауыс беруге енгізу жөніндегі заңнамалық бастама құқында жүзеге асырылады. Парламент аса маңызды қоғамдық қатынастарды реттейтін заңдар шығарады, негізгі қағидастар мен нормаларды белгілейді, олар: салық салуға, алымдар мен басқа да міндетті төлемдерді белгілеуге, республикалық бюджетке, білім беруге, денсаулық сақтауға және әлеуметтік қамсыздандыруға, елдің қорғанысы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, мемлекеттік органдар мен жергілікті басқару органдарын ұйымдастыру мен олардың қызметіне, айналадағы ортаны қорғауға, меншік режиміне және өзге де мүлкітік құқықтарға қатысты.

Парламенттің жұмыс органдары тұрақты негізде жұмыс істейтін сенат пен мәжілістің тұрақты комитеттері — Экономика, қаржы, бюджет комитеттері болып табылады. Комитеттерде заңнамалық актілер оларды Парламенттің палаталарында дауысқа салуға енгізгенге дейін анықталады.

Қазақстан Республикасының Үкіметі — Министрлер Кабинеті Республика Президенті белгілейтін төртіпшісін Парламентке республикалық

бюджетті және оның атқарылуы туралы жылдық есепті табыс етеді. Мұндай есепті Үкімет Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетіне де табыс етеді, қарыз алушы жүзеге асырады. Ұлттық қорға активтерді есептеу, Ұлттық қорды пайдалану тәртібін айқындайды, төменгі бюджеттерден жоғарғы бюджетке бюджеттік алынып-алу және жоғарғы бюджеттен төменгі бюджеттерге бюджеттік субвенцияларды аудару тәртібі мен мерзімділігін айқындайды, Қазақстан Республикасының заңдарына және Президенттің актілеріне сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Экономика мен әлеуметтік саясатты басқару жүйесін түбірлі қайта құрудан туындап отырған жаңа мәселелерді шешуге байланысты және Қазақстан экономикасының дамуының нарықтық жолына етуіне орай қаржыны басқару саласында "Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру шаралары туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығына сәйкес қайта құрылған Қаржы министрлігі және оның жер-жерлердегі органдарының рөлі шұғыл артып отыр. Қаржы министрлігімен оған қосылған Мемлекеттік кіріс министрлігінің бюджетті жоспарлау және мемлекеттің кірісін жоспарлау саласындағы функциялары мен өкілеттіктері Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігіне берілді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 3 қыркүйектегі №962 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының қаржы министрлігі туралы қағидаға сәйкес Министрлік басшылықты, сондай-ақ заңнамада көзделген шекте мемлекеттік бюджеттің атқарылуы және атқарылуын бақылау, мемлекеттік меншікті басқару, есепке алу және пайдалануын бақылау, банкроттық рәсімдерінің және дәрменсіз борышкерді таратудың соттан тыс рәсімінің жүргізілуін бақылау, бухгалтерлік есеп жүйесін және қаржылық есептеме аудитін реттеу саласындағы салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органы болып табылады.

Министрліктің негізгі міндеттері мыналар болып табылады:

республикалық бюджеттің атқарылуын және жергілікті бюджеттердің атқарылуына қосалық қызмет көрсетуді қамтамасыз ету;
салықтардың, әлсіздердің және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің түсуін және бюджетке түсетін өзге де түсімдерді, міндетті зейнетақы жарналарының толық және уақтылы аударылуын, шикізат секторы ұйымдарынан бюджетке түсетін түсімдер бөлігінің Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына аударылуын қамтамасыз ету;

республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуы, бухгалтерлік есеп, есептеме және аудит жөнінде әдіснамалық басшылық жасау;

өз құзыры шегінде республикалық және жергілікті бюджеттер қаражатының тиімді және мақсатты пайдалануын бақылау;

мемлекеттік меншікті басқарудың тиімділігін арттыру;

мемлекеттік салық саясатын әзірлеуге және іске асыруға қатысу;

Банкроттық рәсімін жүргізуге (Банктерді және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарын қоспағанда), сондай-ақ соттан тыс рәсімде дерменсіз борышкерді таратуға мемлекеттік бақылау және оған заңнамамен жүктелген өзге де міндеттер.

Министрлік заңнамада белгіленген тәртіппен мынадай негізгі функцияларды жүзеге асырады:

тиісті қаржы жыпына арналған республикалық бюджеттің жобасын, мемлекеттік және өзге де бағдарламаларды, Қазақстан Республикасының стратегиялық жоспарларын және Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының индикативтік жоспарларын, негізгі макроэкономикалық көрсеткіштерді әзірлеуге қатысу;

бюджетке түсетін түсімдерді болжауға және мемлекеттік бюджетке жүрістердің түсіні саласындағы мемлекеттік саясаттың мақсаттары мен басымдықтарын нақтылауға қатысу;

өз құзыры шегінде мемлекеттің қаржысын және мемлекеттік басқару саласындағы мемлекеттік саясаттың мақсаттары мен басымдықтарын анықтауға қатысу;

мемлекет қаржысы, фискалдық саясат және мемлекеттік меншік саласындағы заңнаманы қолдану тәжірибесін талдау және қорытындылау, оны жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

ұтымды үкіметтік және мемлекет кепілдігімен қарыз алууды, сондай-ақ мемлекеттік борышты басқаруды қамтамасыз ету;

мемлекеттік меншікті пайдалану мониторингі жүйесін жетілдіру;

заңнамада белгіленген тәртіппен шекізат секторы ұйымдарының бюджетке түсетін түсімдердің бөлігін Қазақстан Республикасы Ұлттық қорына аудару;

өз құзыры шегінде бюджеттің атқарылуы жөніндегі нормативтік құқықтық актілердің, бухгалтерлік есеп пен аудиттің, қаржылық бақылаудың және мемлекеттік меншікті басқарудың жобаларын әзірлеу және дайындау (немесе қабылдау);

өз қузыры шегінде қосарланған салық салуды болдырмау туралы халықаралық салық келісімдері мәселелерінде уәкілетті органның функциялары;

жср қойнағын пайдалануға арналған келісімшарттардың салық сараптамасы, сондай-ақ келісімшарттық талаптардың орындалу барысына тексеру жүргізу;

мемлекеттік мекемелердің бухгалтерлік есебін, сондай-ақ өз қузыры шегінде республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуы туралы есептемені жүргізу және іске асыру тәртібін өзірлеу;

жергілікті бюджеттердің шоттарын, мемлекеттік мекемелердің шоттарын жүргізу және шоттар бойынша аударымдық операцияларды жүзеге асыру;

республикалық бюджетті қаржыландырудың жылытық жоспарын бекіту және оларға өзгерістер енгізу;

республикалық бюджеттен шығыстарды қаржыландыру және республикалық бюджетте жөделген солтаның шегінде кредит беру;

Ұлттық қордың қалыптасуы және атқарылуы жөніндегі қызмет туралы ақпаратты қамти отырып, республикалық бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есептерді, мемлекеттік бюджеттің атқарылуы барысы туралы айтық, тоқсандық және жылдық ақпаратты жасау, сондай-ақ мемлекет қаржысы бойынша статистикалық есептерді жасау;

республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің шығыстар сметасының дұрыс жасалуын және Пәкітілуін, сондай-ақ республикалық бюджет қаражатының, үкіметтік қарыздар, мемлекеттік кепілдігі бар мемлекеттік емес қарыздар қаражатының және кейбірінен үкіметтік қарыз алуға байланысты гранттардың және мемлекеттік меншіктегі өзге де мүліктердің мақсатты пайдалануын бақылау;

республикалық бюджеттің атқарылуын, сондай-ақ жергілікті бюджеттердің атқарылуын бақылау және таңдау;

бухгалтерлік есеп пен аудит саласында, оның ішінде өз қузыры шегінде аудиторлық қызметті лицензиялау саласында уәкілетті органның функцияларын анықтау;

Қазақстан Республикасының Ұлттық банкіндегі қазынашылық компанияның тиісті шоттары арқылы мемлекеттік мекемелердің валюталық операцияларын жүргізу және есепке алу, заңнаманы сақтау жөніндегі тексерістерді ұйымдастыру;

мемлекет кепілдігімен тартылған мемлекеттік емес қарыздардың және жергілікті атқарушы органдар қарыздарының шарттарына қаржылық сараптама жүргізу;

үкіметтік қарыздардың қаржылық шарттарын анықтау, жергілікті атқарушы органдардың қарыздарды тартуын келісу;

Қазақстан Республикасының Үкіметі беретін екілестіктерге сәйкес келіссөздер жүргізу, үкіметтік қарыздардың шарттарына қол қою, Үкіметтің мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздарын шығару, Қазақстан Республикасы резиденттерінің мемлекеттік емес қарыздары бойынша үкіметтік кепілдіктер беру;

үкіметтік қарыздарды алу, пайдалану, өтеу және оларға қызмет көрсету, Қазақстан Республикасы резиденттерінің мемлекеттік емес қарыздарының мемлекеттік кепілдері бойынша міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету;

республикалық бюджетте көзделген және Үкімет шешімдеріне сәйкес инвестициялық жобаларға, мемлекеттік бағдарламаларға және өзге де іс-шараларға кредит беру;

үкіметтік сыртқы қарыздар туралы келісімдерді бекітуге қажетті құжаттарды дайындауға қатысу;

түпкілікті қарыз алушылар мен екінші деңгей банкілерінің үкіметтік қарыздардың қаражатын және Үкіметтің бірлесіп қаржыландыру үлесін республикалық бюджетке қайтару туралы ішкі кредиттік келісімдердің жобаларын дайындау;

үкіметті банк-агенттермен бірлесіп республикалық бюджеттен оқшауландырылған қаражатты өндіріп алу жөнінде түпкілікті қарыз алушылармен жолыстарды ұйымдастыру және жүргізу;

төлемдердің бюджетке түсуін кездейтін заңнаманың сақталуын, міндетті зейнетақы жарналарының толық және уақтылы аударылуын бақылау;

мемлекеттің кірістері бойынша мемлекеттік есептемені жинаудың нысандары мен тәсілдерін жетілдіру;

Ұлттық Банктен келісім бойынша конкурстық негізде үкіметтік қарыздарға, мемлекеттік кепілдігі бар мемлекеттік емес қарыздарға және кейіннен үкіметтік қарыз алуға байланысты гранттарға қызмет көрсету үшін екінші деңгей банкілерін, бастапқы дилерлерді, лиц-менеджерлерді және мемлекеттік бағалы қағаздарды шығару жөніндегі басқа да әріптестерді іріктеу;

заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасында лотерей ұйымдастыруға және өткізуге байланысты қызметті және озінің құзырына жатқызылған өзге де қызмет түрлерін лицензиялау;

салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша берешекті мәжбүрлі түрде өндіріп алу жөнінде жұмысты ұйымдастыру;

өз құзыры шегінде салықтық құқық бұзушылыққа қарсы күрес мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының халықаралық міндеттемелерін орындау;

банкроттық рәсімдердің жүргізілуін (банктерді және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарын қоспағанда) мемлекеттік бақылау, сондай-ақ соттан тыс рәсімде дәрменсіз борышкерді тарату және оған заңнамамен жүктелген өзге де функциялар.

Қаржыны басқару жөніндегі сан алуан функцияларға байланысты Қаржы министрлігіне үлкен құқықтар берілген.

Министрліктің негізгі міндеттерін іске асыру және өз функцияларын жүзеге асыру үшін заңдарда белгіленген тәртіппен:

мемлекеттік органдардан, өзге де ұйымдардан және жеке тұлғалардан Министрлікке жүктелген функцияларды жүзеге асыру үшін қажетті ақпараттарды сұратуға және алуға;

өз құзырының шегінде барлық мемлекеттік органдардың, өзге де ұйымдардың және жеке тұлғалардың орындауы үшін міндетті нормативтік - құқықтық актілерді шығаруға;

Министрліктің қарауындағы комитеттер мен мемлекеттік ұйымдардың бұйрықтарын, өзге де кесімдерін тоқтатуға немесе тоқтата тұруға;

акционерлік қоғамдардағы мемлекеттік үлеске және республикалық басқа да мүлікке иелік етуге, пайдалануға, сондай-ақ заңнамалық актілермен және Үкімет белгілеген жағдайларда баптік етуге;

өз құзырындағы мәселелер бойынша халықаралық ұйымдармен ынтымақтастықты жүзеге асыруға;

Бірыңғай қазынашылық шоттағы және Қазынашылық комитетінің корреспонденттік шоттарындағы ағымдағы қалдықтарды Үкімет белгілеген тәртіппен тиімді орналастыру жолымен басқаруды жүзеге асыруға;

бюджеттік заңнамада көзделген жағдайларда бюджет қаражаттарын қайтарып алуға, қаржыландыруды тоқтата тұруға;

қымбат бағалы металдар мен асыл тастарды басқаруды, есебін және сақтауды ұйымдастыруды жүргізуге;

ұлттық және шетелдік валютада банктік операциялардың жақсаланған түрлерін және өзінше заңдармен жүктелген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқықтары бар.

Қаржы министрлігінің орталық аппаратында белгілі міндеттер мен функцияларды атқаратын бірқатар арнаулы бөлімшелер бар. Басқарудың мақсаттары мен міндеттерінің өзгеруі, аппараттар функцияларының дамуы, жұмысты жетілдірудің қажеттілігі ескеріле отырып бұл бөлімшелердің құрамы мен құрылымы үнемі өзгеріп отырады.

Қазіргі кезде Қаржы министрлігінің орталық аппаратында бірқатар департаменттер мен басқармалар маңызды орын алады:

- Мемлекеттік бюджетті атқару департаменті;
- Фискалдық саясат пен болжам департаменті;
- Макроэкономика және қаржы статистикасы департаменті;
- Мемлекеттік органдарды қаржыландыру департаменті;
- Кірістерді талдау департаменті;
- Кірістер мен кірісіндеттер департаменті;
- Электронды мониторинг департаменті;
- Жұмыстарды ұйымдастыру және қаржылық қамтамасыз ету департаменті;
- Құжат айналымы және кадр жұмыстары департаменті;
- Ақпаратты реттеу департаменті;
- Заң қызметі департаменті;
- Ақпараттық технологиялар департаменті;
- Мониторинг және трансферттік Баға Белгілеу департаменті;
- Мемлекеттік органдарды қаржыландыру департаменті;
- Бухгалтерлік есеп және аудит әдіснамасы департаменті;
- Мемлекеттік қарыз алу департаменті;
- Қазыналық саясат және жобалар департаменті;
- Мемлекеттік борыш және кредит беру департаменті;
- Халықаралық қаржы қатынастары департаменті;
- Халықаралық салық салу департаменті және т.б.

02-1 Департаменттер өз кезегінде нақтылы функциялық міндеттерді орындайтын басқармалардан, ал олар бөлімдерден тұрады.

Министрліктің мынадай ведомствалары бар: Қазынашылық комитеті, Көдендік Бақылау комитеті, Қаржылық Бақылау және мемлекеттік сатып алу

комитеті, Салық комитеті, Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті, Дәрімсіз борышкерлерден жұмыс жөніндегі комитет.

Қазынашылық комитетінің ұйымдық құрылымы Қаржы министрлігі құрамындағы Қазынашылықтың орталық аппаратынан және оған бағыныштағы аймақтық бөлімшелерден тұрады.

Қазынашылық органдары мынадай міндеттер мен функцияларды орындайды:

республикалық бюджетті ұйымдастыру, оның кассалық атқарылуын жүзеге асыру, жергілікті бюджеттерге есеп-қисалтық-кассалық қызмет көрсету және мемлекеттік бюджеттің орындалуын бақылау;

касса бірлігі қағидатын негіздей отырып, қазынашылықтың шоттарындағы ақша қаражаттарын басқару;

республикалық және жергілікті бюджеттер арасында өзара есеп айырысуды енгізу;

республикалық және жергілікті бюджеттер арасында салықтарды және басқа міндетті төлемдерді Белуді қалтамасыз ету және оларды түрлі деңгейлердің бюджеттеріне есептеу;

мемлекеттік мекемелердің валюталық операцияларын басқару және есепке алу, оларды жүргізген кезде заңнамалықтың сақталуы жөнінде тексерулер ұйымдастыру;

мемлекет қаржысының мән-жайы туралы ақпаратты жинау, өңдеу және талдау;

республикалық бюджеттің қолма-қол ақшасының ағынын болжау;

мемлекеттік сыртқы қарыздарды және мемлекеттің көпіндігі бар мемлекеттік емес ішкі қарыздарды өтеу және қызмет көрсету кезінде ақша аударуды жүзеге асыру;

бухгалтерлік есеп пен бюджет жүйесіндегі есептемені және қазынашылық органдары жүйесіндегі ішкі аудитті дамыту және жетілдіру;

қазынашылықтың құзырына жататын мәселелер бойынша есептік операцияларды жүргізудің тәртібі туралы әдістемелік және нұсқаулық құжаттарды әзірлеу.

Қазынашылық қызметкерлерінің мемлекеттің қаражаттарын пайдаланатын мемлекеттік кәсіпорындардың, мемлекеттік биік пен басқару органдарының, мемлекеттік банкілердің қаржы бухгалтерлік службаларын тексеруге құқы бар. Олардың лауазымды адамдардан қаржы заңнамасын бұзуды жоюды талап етуге құқы бар. Қазынашылық службаларына қазынашылық төлем операцияларының орындалуын тоқтата тұруға, бюджет

ақшасын мақсатсыз пайдалану фактілері анықталған жағдайда оны қайтарып алуға және жұмсауға тиісін салуға, ақшаны бюджетке өндіріп алуға

(қайтарып алуға) құқық берілген, сонымен бірге қазынашылық бюджет қаражаттарын үнемді жұмсауға мүмкіндік туғызуы тиіс.

Қаржылық бақылау комитеті бақылау саласындағы ұйымдық-әдіснамалық және талдамалық жұмыстарды жүзеге асырады. Оның органдары мемлекеттік кәсіпорындарға ұлттық шаруашылықтың барлық салаларының және көрсетілетін қызметтер сферасының ұйымдарына, әлеуметтік сфера мен халықты қорғаудың мемлекеттік ұйымдары мен мекемелеріне, басқару органдарына, қорғаныс қор кәсіпорындары мен ұйымдарына және құқық тәртібін қорғауға тексеріс жүргізеді. Олар сонымен қатар кредит және валюта ресурстарын пайдалануды, бағалы қағаздар бойынша заңнамалардың орындалуын бақылайды.

Мемлекеттің кірістерін жұмылдыру жөніндегі аса маңызды функцияларды Салық комитеті орындайды.

Салық комитеті органдарына салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің толық түсуін, міндетті зейнетақы жарналарының толық және дер кезінде аударылуын қамтамасыз ету жөніндегі, сондай-ақ салық төлеушілердің салықтық міндеттемелерін орындауына салықтық бақылауды жүзеге асыру жөніндегі негізгі міндеттер жүктеледі.

Қаржы министрлігі жүйесінде ең көбі жергілікті қаржы органдарының атқаратын ол облыстық, қалалық, аудандық қаржы басқармалары мен бөлімдерін, салық комитеттерін құмтады. Олар басқару жөніндегі жұмыстарды жүргізеді, яғни жергілікті бюджеттердің атқарылуымен, ішкі шаруашылық резервтерді анықтаумен және шаруашылық кешенінің және әлеуметтік-мәдени сфераның барлық буындарында ресурстарды үнемдеуді іздестірумен айналысады, шаруашылық органдарды қаржыландыруды жүзеге асырады және олардың қаржы қызметін бақылап отырады. Қаржы және салық органдары жергілікті әкімшіліктің бағынышылығында болады.

Жергілікті қаржы органдарының міндеттеріне мемлекеттік қаржы тәртібін сақтауды бақылау кіреді. Осы мақсатпен олар шаруашылық органдары мен мекемелері жасаған жоспарлар мен сметалардың дұрыстығы мен объективтігін тексереді, жергілікті әкімшіліктер бөлімшелерінің бухгалтерлік есептері мен баланстарын қарайды.

Салық заңнамасына сәйкес салық органдарына облыстар, республикалық маңызы бар қалалар бойынша салық комитеттері,

ауданаралық салық комитеттері, аудандар, қалалар және қалалардағы аудандар бойынша салық комитеттері жатады.

Салық органдары тиісті жоғарғы салық службасы органына тікелей жоғары қарай тікелей бағынады және жергілікті атқарушы органдарға жатпайды.

Мемлекеттің қаржысын басқаруға өзінің функцияларының өзгешілігіне сәйкес Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілі бір түрде қатысады. *Қаржылық бағам* ақша-кредит саясатын жүргізгенде, ақша айналысын реттегенде, қаржы ресурстарын басқарғанда қаржы қатынастарына тікелей де, сонымен бірге жанама түрде де ықпал жасайды; ол Қаржы министрлігімен бірлесіп мемлекеттік валюта-қаржы қатынастарына, экономиканың қажеттіліктерін қаржыландыруға арналған сырттан қарыз алуға қатысады. Сондықтан Ұлттық Банктің басқарушылық ықпалының тиімділігі мемлекеттің біршама қаржы-кредит саясатын жүргізген субъектілер қаржысының жағдайында көрініп, білінеді.

Қаржыны басқаруға Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі мен Стратегиялық жоспарлау жөніндегі агенттігі де қатысады. Олар стратегиялық жоспарлау, бюджеттік жоспарлау, мемлекеттің кірістерін жоспарлау мен бақылау, әлеуметтік-экономикалық реформаларды жүзеге асырумен және үйлестірумен бірге бұл органдар республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуын талдайды; Қаржы министрлігімен, Ұлттық Банктен бірлесіп мемлекеттік бюджет жобасының негізгі көрсеткіштерін белгілейді; Қаржы министрлігімен бірлесіп отырып, республикалық және жергілікті бюджеттердің өзара іс-әрекеттерінің механизмдерін әзірлейді және реттеуге қатысады; Қаржы министрлігімен және Ұлттық Банктен бірлесіп отырып мемлекеттің сыртқы берешегін талдап, оның лимитін белгілейді және т.б.

Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінде мына департаменттерді бөліп көрсетуге болады: Салық саясаты және Болжамдар департаменті; Бюджет процесінің әдіснамасы және функциялық талдау департаменті; Бюджеттік саясат және жоспарлау департаменті; Мемлекеттік қарыз алу және кредит беруді жоспарлау департаменті; Аймақтық саясат және бюджетаралық қатынастар департаменті; Халықаралық экономикалық және қаржы қатынастары департаменті; Стратегиялық жоспарлау және инвестициялық саясат департаменті; Экономикалық саясат және индикативтік жоспарлау департаменті; Мемлекеттік ақпарат, ұйымдық, қозғалыс, тәртіп және қауіпсіздік шығыстарын жоспарлау

департаменті, Әлеуметтік сфера шығыстарын жоспарлау департаменті және басқалары.

Елімізде Республикалық бюджеттің атқарылуын сыртқы бақылаумен байланысты мәселелермен *Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті* айналысады, ол Президентке тікелей бағынатын және есеп беретін республикалық бюджеттің атқарылуын сыртқы бақылауды жүзеге асыратын мемлекеттік орган болып табылады.

Есеп комитетінің құқықтық жағдайы Қазақстан Республикасының Конституциясымен, заңдарымен, Қазақстан Республикасы президентінің актілерімен, сондай-ақ осы комитет туралы Қағидада ұшындалған.

4. Қаржыны басқарудың автоматтандырылған жүйесі

Қазіргі уақытта қаржыны басқаруды жетілдіру - бұл процесте *автоматтандырылмаған жүйелерді* жасап, оларды қаржыны басқаруға ендіру мен ұйыстыру негізінде жүргізіліп отыр. Экономикалық-математикалық әдістер мен электронды-есептеу техникасына негізделген *басқарудың автоматтандырылмаған жүйелері* (БАЖ) қаржыны жалпы басқарудың бір бөлігі болып табылады. Қаржыны Оасқарудың автоматтандырылған жүйесі деп қаржыны, қаржы жүйесін тиімді басқаруға мүмкіндік жасайтын есептеу және ұйымдық техниканың, байланыс құралдарының өкілшілік, экономикалық, математикалық әдістерінің жиынтығын айтады. Ол есепке алу, жоспарлау және ұлттық шаруашылықты басқару үшін ақпаратты жинау мен өңдеудің жалпы мемлекеттік автоматтандырылған жүйесінің қосалқы жүйесі ретінде көрінеді.

Қаржыны басқаруда *қаржы есеп-қисаптарының автоматтандырылмаған жүйесі* (ҚЕАЖ) қолданылады. Ол өзара байланысты, бірлесіп іс-әрекет ететін функциональдық, қамтамасыз етуші, технологиялық қосалқы жүйелерден тұрады.

Ұйымдық тұрғыдан ҚЕАЖ дегеніміз бір-бірімен өзара байланысты мына қосалқы жүйелердің жиынтығы:

- 1) ұйымдық-экономикалық қамтамасыз ету;
- 2) ақпараттық қамтамасыз ету;
- 3) бағдарламалық қамтамасыз ету;
- 4) техникалық қамтамасыз ету;
- 5) ұйымдық-құқықтық қамтамасыз ету;
- 6) технологиялық қамтамасыз ету;

7) кадрмен қамтамасыз ету. Ұйымдық-экономикалық қамтамасыз етудің қосалқы жүйесі ҚЕАЖ жүйесінде бастысы болып табылады, бюджеттерді жасау және оның атқарылу процесін автоматтандырудың әдістемелік және ғылыми алғышарттарды жасайды, басқа қамтамасыз етуші қосалқы жүйені үйлестіреді және өзара байланыстырады, ҚЕАЖ-дің барлық деңгейлеріндегі жұмыстың әдістемелік бірлігін анықтайды.

ҚЕАЖ-да әр түрлі функциялық қосалқы жүйелер болуы мүмкін: бюджеттің жиынтық есептері, мемлекеттік кірістері, мемлекеттік мекемелердің шығыстары және бюджет есебінен жүргізілетін шаралар, шаруашылық жүргізуші субъектілердің қаржысы.

"Бюджеттің жиынтық есептері" қосалқы жүйесінде есептердің кешендері бір текті есеп-қисаптардың топтары бойынша қалыптастырылған. Басқа қосалқы жүйелердің блоктарында есептердің кешендері кірістердің немесе белгілі бір саланы немесе мекемелердің және шаралардың топтарын қаржыландыруға жұмсалатын шығыстардың түрлері бойынша бөлініп көрсетілген.

Автоматтандырылған басқарудың орталықтандырылған жүйелерінен басқа, автоматтандырылған жұмыс орындарын (АЖО) үйлестіретін жолымен жергілікті нұсқалар пайдаланылады. АЖО - кәсіп бағдарланған шағын есептеу жүйесі, микро-ЭЕМ немесе СЭЕМ басқаратын және белгілі бір кәсіп мамандарының жұмысын автоматтандыруға арналған немесе сырттағы техникалық құралдардың кешені. АЖО жабдығының үлгілік құрылымы:

- 1) микро-ЭЕМ базасында басқарудың құрылымы;
- 2) бейне терминнал (дисплей);
- 3) магнит дискілеріндегі жинақтаушы;
- 4) деректер жинақталымының клавиатурасы;
- 5) шағын бағаритті басып шығаратын қондырғы. АЖО-ның техникамен

жарактауының мұндай құрамы тиісті

бағдарламалық құралдарға сойбес бірқатар экономикалық есептерді шешумен қатар диалогтік тәртіптемеде графикалық, кестелік, мәтіндік құжаттармен жедел жұмыс істеуге, түрлі картотекаларды жүргізуге мүмкіндік береді. АЖО ақпараттарды түзетіп, редакциялауға, тұжырымдар мен қорытындыларды қалыптастыруға, мәтінді тіркеуге, аралық және ақтық нәтижелерді талдауға, АЖО-сы бар басқа қыз-меткерлермен ара қалықтық (дистанциялық) түрде қатынасқа мүмкіндік жасайды.

Кәсіпорындарды басқарудың автоматтандырылған жүйелерінде (КБАЖ) қаржыны басқарудың дербес функциялық қосалқы жүйесі бөлінеді, онда қаржы-кредитті басқарудың есептері шығарылады.

Ол өнім өндіріп, оны өткізудің белгілі бір жағдайында ең жоғары рентабелділігіне жету үшін пайдаланылатын шаралардың әдістер мен құралдардың жиынтығы болып табылады. Қосалқы жүйе ресурстардың жағдай күйі мен олардың қозғалысының процестерін сипаттайтын басқару блоктарын қамтиды. КБАЖ-дағы қаржы есептері ақпараттардың (өндірістің, материалдық ресурстардың, еңбектің және т.б.) аралық массивтерін пайдалану кезінде, яғни басқарудың басқа объектілері бойынша шешілетіндіктен кәсіпорынның әр түрлі құрылымдық бөлімшелерінің АЖО-ны қалтитатын және есептеу орталығының ЭЕМ-мен жалғастырылған АЖО-ның желісін құру қажет. Сөйтіп, екі деңгей құрылады: үлкен ЭЕМ-ның ресурстарын қажет ететін есептер шығарылатын жоғарғы деңгей және ДЭЕМ-мен жарақтанған және жергілікті желіге жалғастырылған АЖО болып табылатын төменгі деңгей. Толып жатқан ақпараттық ағындар қалыптасатын қаржы жүйесінің төменгі деңгейлерінің техникалық құралдарының көшпені құжаттарды жасаудың, көбейтудің, көшірудің, өңдеудің, тасып-аудару мен сақтаудың түрлі құралдарын, басқару байланысының құралдарын, дабылдама, ақпарат құралдарын пайдалануды қарастырады.

Дербес ЭЕМ-ның әсіресе кәсіби ҚДЕЭМ-нің электронды поштаның, деректер жинақтамасының, мәтін және графикалық ақпаратты өңдеу құралдарының, өзге қазіргі ақпараттық техниканың болуымен байланысты басқару қызметін ұйымдастыруды түбірлі өзгертудің жағдайлары пайда болып отыр. Техникалық құралдар басқару шешімдерінің тікелей процесінде көптеп-көп пайдаланылып келеді.

КБАЖ жағдайында қаржыны басқару аппараты жұмысының мазмұнын айтарлықтай өзгеруде. Мамандардың шығармашылық жұмысқа — БАЖ үшін проблемаларды, есептерді және оларды шығару шарттарын әзірлеу мен қоюға, терең экономикалық талдау жасауға және қаржыны оперативті басқарудың барлық бұйымдарында — жергілікті қаржы органдарынан бастап Қаржы министрлігіне дейін БАЖ кеңестерінің көмегімен білікті шешімдер қабылдауға уақыты босайды. Қаржы жоспарларын орындаудағы, қаржы тәртібіндегі алшақтықтарды жоюға бағытталған жедел шараларды дер кезінде қабылдау жөніндегі қаржы аппаратының мүмкіндіктері едәуір артады. Қаржы қызметкерлерінің БАЖ-дан алған ақпараттары оларға

көптеген нұсқалар мен оңтайлысын таңдауды есепке алу негізінде қабылданатын басқару принципдерінің сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Қазіргі уақытта қаржы органдарының төменгі жергілікті органдарының, аудандық және қалалық қаржы басқармаларының жұмысына қаржы есеп-кисаптарын автоматтастыруды енгізу көзделіп отыр. Іс жүзінде мұндай жұмыс оларда инспекторлар мен экономистердің автоматтандырылған жұмыс орындарымен (АЖО) енгізумен басталады, бұл орындарда жеке пайдаланудың микро-ЭЕМ-і қолданылып отыр. Әсіресе, бұл қалыптың табыстары жөніндегі мағлұматтардың көптеген және үнемі өзгеріп отыратын мәліметтерімен іспеттес болатын салық агенттері үшін өте көзделіп отыр.

Қаржыны басқарудың автоматтандырылған жүйесі тұрақты экономика жағдайында ойдағыдай іс-әрекет етудің айта кетуі қажет. Тек осы жағдайда ғана ол қаржы аппараты жұмысының мазмұнын айтарлықтай өзгертуге мүмкіндік береді.

5. Қаржы менеджментінің мазмұны және міндеттері

Нарықтық экономика және бәсекелестіктің дамуы жағдайларында кәсіпорындардың қаржылық менеджментінің ролі мен міндеттері ең маңызды мәселелердің бірі болып отыр. Кәсіпорындардың табыстылығы, бәсекелестік жағдайлардағы өміршеңдігі, қаржылық тұрақтылығы мен төлем қабілеттілігі мәселелері қаржы менеджментінің негізгі басқару объектісі болып табылады.

Қаржы менеджментінің қызметтерінің түрлерін келесідей тәртіп бойынша бір жүйеге келтіруге болады:

- жоспарлау – стратегиялық, оперативтік және ағымды қаржылық жоспарлауды, түрлі шараларға сметалар мен бюджеттер құруды қамтиды;
- баға саясатын анықтауға және өнімді сату жоспарын құруға қатысу;
- өзге кәсіпорындармен қосылу немесе бөліну нәтижесінде мүмкін болатын капитал құрылымының өзгеруін бағалау;
- қаржыландыру көздерімен қамтамасыз ету: қысқа және ұзақ мерзімді қаржыландырудың ішкі және сыртқы көздерін іздестіру; олардың оңтайлы құрылымын қалыптастыру;
- қаржы ресурстарын басқару: есеп шоттардағы және кассадағы ақша қаражаттарын басқару; құнды қағаздар қоржымын басқару; қарыз қаражаттарды басқару;

- қаржылық есеп, бақылау және талдау; есеп саясатын қалыптастыру, қаржылық есеп беру түріндегі ақпараттарды өңдеу және пайдаланушыларға ұсыну; қаржылық нәтижелерді талдау және сараптау; есептік көрсеткіштерді жоспарлық және стандарттық көрсеткіштермен салыстыру, кәсіпорын ішіндегі аудит;

Аталған қызметтерді жүзеге асырудың нақты нысандары мен әдістері кәсіпорынның қаржылық саясатымен анықталады. Қаржылық саясат кәсіпорынның өз қызметін жүзеге асыру мақсатында қаржы ресурстарын басқару үшін қолданатын шаралардың жиынтығы болып табылады және келесідей элементтерді қамтиды:

- есеп саясаты;
- несие саясаты;
- инвестициялық саясат;
- ақша ағындарын басқару саясаты;
- шығындарды басқару саясаты;
- дивидендтік саясат.

Есеп саясатын корпоративтік бухгалтерлік есеп туралы заңнамалар және бухгалтерлік есеп стандарттарына сәйкес қалыптастыру қажет. Қазақстан Республикасында бұл тұрғыда негізгі құжат ретінде Қазақстан Республикасы Президентінің Заңдық күші бар «Бухгалтерлік есеп және қаржылық есеп беру туралы» 1995-жылдық 25-желтоқсанында қабылданған Жарлығы және Бухгалтерлік есеп стандарттары қарастырылады.

Несие саясаты шеңберінде кәсіпорынның айналым қаражаттарымен қамтамасыз етілуі шаралары қарастырылады – меншікті айналым қаражаттарының көлемін және қарыз қаражаттарға мұқтаждылықты анықтау. Ұзақ мерзімді несиелерді тарту қажет болған жағдайларда кәсіпорынның капитал құрылымы және қаржылық тұрақтылығы зерттеледі.

Инвестициялық саясат барысында меншікті және тартылған қаражаттарды тиімді орналастыру шаралары қарастырылады.

Ақша қаражаттарын басқару саясаты кәсіпорынның есеп шоттарындағы қаражаттардың қалдықтарын оңтайландырумен, қаражаттардың есеп шоттарға келіп түсуі және олардың қолданылуы уақыттарының аралығын азайтумен, есеп ашырысудың түрлі нысандарын қолданумен, дебиторлық қарызды инкассациялаумен байланысты болады.

Шығындарды басқару саясаты шығындардың барлық элементтері бойынша сметалар (жоспарлар) құру және олардың қолдануды тиімді бақылау арқылы жүзеге асады.

Дивидендтік саясат кәсіпорын иелерінің және акционерлері мен менеджерлерінің мүдделерін бірдей деңгейде қорғауға, сондай-ақ кәсіпорын акцияларының, яғни бизнестің құнын арттыруға арналған. Дивидендтік саясаттың келесідей нұсқалары мүмкін:

- дивидендтер табыстан бірқалыпты пайыз ретінде бөлініп отырады. Бұл әдістің артықшылығы – қарапайымдылығы. Кәсіпорын табысы артқан сайын акционерлердің де дивидендтік табыстары арта түседі. Сөйкесінше, табыс төмендеуімен дивидендтер де төмендей бастайды;

- тіркеулі дивидендтік төлемдер саясаты – дивидендтер әрбір акцияға тіркеулі мөлшерде төленеді. Артықшылығы – нарықтық ауытқуларды реттеп отыратын қарапайымдылығы; кемшілігі – кәсіпорын табысы төмендеген жағдайда кәсіпорын табысы қалады;

- кепілді минимум және экстра дивидендтік төлемдер саясаты;

- дивидендтерді капиталдастыру – дивидендтерді акциялар түрінде төлеу. Мұндай саясат кәсіпорын қаржылық қиындықтарға душар болған жағдайда қолданылады.

Қаржы менеджментінің негізгі міндеті – қаржыны басқарудың кәсіпорынның стратегиялық және ағымды мақсаттарына қол жеткізуге бағытталған тиімді жүйесін қалыптастыру болып табылады. Нақты бір кәсіпорынның қаржыны басқару жүйесі көптеген факторларға байланысты болады: меншіктік нысанына, ұйымдық-құрылымдық дәрежесіне, салалық және технологиялық ерекшеліктеріне, капитал көлеміне.

Қаржыны басқару барысында көптеген әдістер қолданылады, солардың ішіндегі негізгілері: болжамдау, жоспарлау, салық менеджменті, сақтандыру және өзін-өзі сақтандыру, несиелеу, баға саясаты және қаржы құралдарын қолдану (лизинг, факторинг).

Кез-келген қаржыны басқару жүйесінің қызмет етуі қолданыстағы заңнамалық актілер мен нормативтік негіздер шеңберінде іске асады. Мұндай құжаттар заңдар мен Президенттің жарлықтарынан бастау алып, әдістемелік нұсқаулармен аяқталады. Сондай-ақ бухгалтерлік есеп берудің қаржылық сипаттағы ақпараттары тауар және қор биржаларының ақпараттары, несиелік жүйесінің ақпараттары қолданылады.

Сонымен, кәсіпорынның қаржысын басқару осы саладағы маманнан стратегиялық және ағымды мәселерді шешу үшін терең білімді және жоғары біліктілікті қажет етеді.

5. Бәсекелестік қабілетті қамтамасыз етудегі қаржы менеджментінің ролі

Бүгінгі таңда әлемдік жетекші компаниялардың іскерлік стратегиясы бәсекелестік артықшылықтарға иелі жеткізуге бағытталған. Демек, стратегия дегенімізді нарықтағы ұзақ мерзімді бәсекелестік артықшылықтарды анықтау және жүзеге асыру арқылы өз мақсаттарына жетуге бағытталған қорытынды жоспар ретінде қарастыруға болады. Стратегиялық мақсаттардың саны мен қалыптасуы әрбір компанияда алуан түрлі болуы мүмкін. Олар бір-бірімен тығыз байланысты, бірін-бірі толықтырып отырады, сондықтан да кәсіпорын өз қарамағында түрлі мақсаттардың толық кешені болуы тиіс. Қаржы менеджментінің мақсаттарын келесідей тәртіп бойынша саралауға болады:

- қаржылық дағдарысты немесе ирлайсыз жағдайларды болдырмау;
- өндіріс және өнімді еткізу көлемін арттыру;
- бәсекелестермен күресте жетекші орынға ие болу (қаржыгерлердің көзқарастары бойынша бәсекелестік қабілет капиталдың рентабельділігімен, яғни капитал бірлігіне келетін табыстың мөлшерімен, сипатталады);
- кәсіпорын қимылы барынша арттыру.

Қаржы менеджменті бәсекелестік ортадағы ортадағы ролі өндіріс барысын тиімді ұйымдастырумен және оны қажетті қаржы ресурстарымен қамтамасыз ету, осы процесстерді үнемі бақылап отырудан көрініс табады. Нарықтағы үлкен сұраныстарға ие болып жүрген тауарларды немесе әлі нарыққа түспеген жаңа тауарларды іздестіру, оларды өндіруге инвестициялар салу кәсіпорынның табыс көздерін арттыруға септігін тигізеді.

Кәсіпорынның өндіретін тауары, көрсететін қызметі немесе атқаратын жұмысының бағасы, сапасы және икемді шаруашылық қызметтің табысына едәуір ықпал етеді. Тауар икемді жөнінде айтатын болсақ, оның ықпалы тенденция түрінде және маңызды түрінде болады. Көрсетілген барлық параметрлер кәсіпорынның табысына тікелей әсер ететіндіктен, табыстың стратегиялық факторларын идентификациялау қаржы менеджментінің басты міндеті болып табылады. Зерттеулердің нәтижелері мынаны дәлелдейді: зерттелетін параметрлер әр түрлі бағаланады және алуан түрде әр түрлі сапалардағы тұтынушыларға әсер етеді.

Жалпы алғанда кәсіпорынның қаржы менеджерлері нарықтық даму жағдайларында тұтынушылардың ең алдымен тауардың сапасына, содан кейін өнімнің болмысы мен икемдігіне назар аударатынын ескерген жөн. Ал

тауардың бағасы тұтынушының санасында тауар туралы алғашқы сипаттаманы қабыптағандармен, түтпел келгенде бағасы төмен, сапасыз өнім оларды аз қыдықтырады. Тауардың дизайні мен сервистік қызмет көрсету тұтынушылар санасында азырақ мөнге ие, алайда бәсекелестермен күресте артықшылықтарды жеңіп алуда бұл параметрлер де өзінің маңызды ролін ойнайтыны сөзсіз.

Шаруашылық етуші субъектінің табысына тауар сапасының жанама түрде нарықтық үлестің ұлғайымен сипатталады, ол үлестің артуы өткізілетін өнім сапасының артуымен байланысты. Инновациялық және тұтынушыға жақындық, оның көңілін таба білу секілді факторлар табыстың шешуші факторлары болып табылады. Сонымен қатар, тұрақты нарықтық табысты қамтамасыз ету үшін тауардың сапасына күш-жігердің жұмылдырылуы жеткіліксіз, және бұл параметрді тауар сапасын басқару менеджментінің жүйесіне енгізу керек.

Сондай-ақ, қаржы менеджерлері бәсекелестермен күрес барысында мынаны ескерген дұрыс. Көз-келген нарықтағы немесе саладағы бәсекелес кәсіпорындардың тек өз ғана белгі жоғары сапалы тауарларды өндіруге жеткілікті қаржы ресурстарымен жарақталған. Сондықтан да, осы нарықтағы немесе саладағы тауарды әртараптандыру (диверсификациялау) стратегиясын қолдану көптеген мәселелерді шешеді.

Сонымен, қаржы менеджментінің стратегиялық негізгі мақсаты түтпел келгенде тек қана табыс табумен ғана шектеліп қоймай, сонымен қатар нарықтағы өз орнын, бәсекелестік қабілетін қамтамасыз етумен анықталады. Бұл, өз кезегінде, кәсіпорынның жарқын болашағының іргетасы болып табылады.

7. Қаржыменеджменті және маркетингтік саясаттың өзара байланысы

Кәсіпорынның қаржы менеджменті мен маркетингтік саясатының бәсекелестік ортадағы алатын орны ерекше. Бағалық шешімдерді дұрыс қабылдай білу, нарықтың белгілі бір сегменттеріне дұрыс иелену, тауарды өткізу бойынша ұдайы күш жұмсау, тауарды өткізуді жәті қарау және бақылау, сондай-ақ маркетингтік саясатты уақтылы түзету кәсіпорынның қаржылық табыстарға жетуінің маңызды элементтері болып табылады. Осы орайда қаржы менеджменті мен маркетингтік қызметтің бір-бірімен тығыз байланысы көрініс табады.

Бағалық және басқа да қаржылық шешімдер қабылдау үшін кәсіпорында ең бірінші кезекте оның өкіміне деген сұраныс туралы ақпараттар қажет. Мұндай ақпараттарға қол жеткізуге, олардың кәсіпорын үшін тиімділігін анықтауға маркетингтік шараларға шығындар жұмсау арқылы қол жеткізуге болады. Маркетингтік зерттеулер нәтижесінде алынған ақпараттар қосымша тауар өндірудің және сатуының түрлі нұсқаларын қалыптастырып, салыстырып, қажетті қаржылық дәлірек айтқанда инвестициялық шешімдер қабылдауға қолайлы жағдайлар жасайды.

Қаржы менеджерлері, әдетте, кәсіпорындағы баға қалыптасудың негізгі екі кезеңін бөліп көрсетеді:

1. Базалық бағаны анықтау, яғни шегерімдерсіз, үстеме бағаларысыз, тасымалдау, сақтандыру, сервистік компоненттерді есепке алмай баға орнату.

2. Жоғарыда келтірілген компоненттерді, шегерімдерді, үстеме бағаларды есептей отырып, баға орнату.

Базалық бағаны анықтаудың тәжірибеде бірнеше әдістері қалыптасқан. Бұл әдістерді жеке-жеке немесе бірлесіп байланыстыра отырып қолдануға болады:

- толық шығындар әдісі;
- өндіру (өңдеу) құнының әдісі;
- бағаны қысқартылған шығындар негізінде анықтау;
- тікелей шығындар әдісі және маржналды шығындар әдісі;
- инвестициялардың рентабельділік (табыстылық) әдісі;
- маркетингтік немесе нарықтық бағалау әдістері.

Баға қалыптасуының аталған әдістері кәсіпорынның стратегиялық маркетингтік мақсаттарына жетудің негізгі құралы болып табылады. Ендігі кезекте туындайтын сұрақ: бағалардың қандай түрлері маркетингтік саясаттың элементтері болып табылады?

Әрине, маркетингтік саясаттың бағаларды анықтау әдістері тауардың нарықта тиісті орнын табуына көздейді. Жаңа тауарлардың нарықта сәтті сұраныс табуын қамтамасыз ету үшін келесідей баға түрлері белгіленеді:

1. Жоғары бағалар, яғни жаңа немесе жетілдірілген тауардың нарықтағы қозғалысының басынан бастап жоғары бағалар белгіленеді. Бұл жағдай кәсіпорын нарықта осы бағамен аталған тауарды сатып алушылардың болатындығына көздері жететін болғанда ғана қолданылады.

2. Тауарды нарыққа енгізу үшін қолданылатын бағалар, яғни кәсіпорын өз тауарларына нарықтағы осы тәріздес тауарлардың бағасынан біршама төмен бағалар орнатады.

3. «Психологиялық» бағалар – қандай да бір бүтін сомадан біршама төмен белгіленген бағалар (мысалға, 199 теңге немесе 19⁰⁰ теңге сәйкес бағалар). Мұндай бағалар тұтынушының санасында тауардың бағасын мейлінше төмен көрсетіп, психологиялық әсер қалдырады.

4. Нарықтағы немесе саладағы жетекші фирманың бағалары – тауардың бағасы нарықтағы немесе осы саладағы жетекші орындағы компанияның тауарларына деген бағамен сәйкес белгіленеді.

5. Өндіріс шығындарын өтеу бағалары, яғни жаңа өнімнің бағасын оны өндіруге кеткен нақты шығындарды және нарықтағы немесе саладағы табыстың орташа мөлшерін ескере отырып қалыптасады.

6. Саптанатты бағалар, яғни қандай да бір ерекше, қайталанбас қасиеттері бар өте жоғары сапалы тауарларға қолданылатын бағалар.

Нарыққа жаңадан енгізілетін тауарлармен қатар, кәсіпорындар қазіргі кездегі тұтыныстағы тауарлардың бағаларын да тиісінше қалыптастырып отырады. Қалыптасып үлгерген және осында ұзақ уақыт тұтыныста жүрген тауарлар үшін бөлек бағалар қарастырылады. Бұл бағаларды тиімді қолдану кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігіне жарамдылығын арттыруға септігін тигізеді.

1. Тауарлар мен қызметтердің ауытқымалы төмендеу бағалары. Мұндай бағалар нарықтағы сұраныс пен ұсыныстың өзара қатынасында байланысты орнатылады және нарық осы тауарлармен толған сайын біртіндеп төмендей бастайды.

2. Ұзақ мерзімді бағалар ұзақ уақыт бойында өзгерістерге бой алдыра бермейді.

3. Нарықтық тұтынушылар сегментінің бағалары. Мұндай бағалар бір тауарға тұтынушылардың түрлі категорияларына (нарық сегменттеріне) қарай әр түрлі шамада белгіленеді.

4. Икемді бағалар, яғни нарықтағы сұраныс пен ұсыныстың өзгерістеріне жылдам икемделетін бағалар.

5. Артықшылықты бағалар нарықта жетекші орын алатын кәсіпорындардың өз тауарларына мейлінше төмен бағалар орнатумен сипатталады. Бұл жағдайда кәсіпорын тауар сатышылығының көлемін арттыру және сатышы шығындарын үнемдеу арқылы жалпы өндірістік шығындарды азайта алады.

6. Өндірістен шығып қалған, қазіргі кезде өндірілмейтін тауарларға белгіленетін бағалар.

7. Нарықтағы басқа кәсіпорындармен салыстырғанда біршама төмен орнатылатын бағалар.

8. Келісімді бағалар бір немесе бірнеше кәсіпорындардың арнайы тауарларына немесе тауарлардың белгілі бір топтарына қолданылады.

Маркетингтік шарттеулердің нәтижесінде кәсіпорынның қаржы менеджерлері жоғарыда келтірілген тауар бағаларының қайсысын таңдау керектігі және Баға қалыптасуының қандай саясатын қолдану туралы шешімдер қабылдауы тиіс. Баға қалыптастыру саясатын таңдау көптеген факторларға байланысты. Мұндай факторларға кәсіпорынның тауар нарығындағы өз бақылауында ұстал тұрған үлесі, жаңа тауарды нарыққа енгізу жылдамдығы, жұмсалған капитал салымдарының өтелімділік мерзімі, нарықтағы бәсекеlestік күрестің қатаңдығы және т.с.с.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қаржыны басқарудың мақсаты макроэкономикалық теңгерімдікте, бюджет профицитінде, мемлекеттік борыштың азаюында, ұлттық валютаның беріктігінде, ақырында, мемлекет пен қоғамның барлық мүшелерінің экономикалық мүдделерінің үйлесуінде (ұштасуында) көрінетін қаржының тұрақтылығы мен қаржының тәуелсіздігі болып табылады.

Қаржыны басқарудың негізіне мына қағидалар жатқызылған:

Басқарудағы демократизм;

қаржы мәселелеріне саяси тәсілдер (көзқарас);

Басқарудағы экономикалық және әкімшілік әдістердің оңтайлы үйлесуі (ұштасуы);

Басқарудың ғылымшылығы;

орталықтандырылған, салалық және аумақтық басқарудағы келісушілік;

Басқарудағы жауапкершілік;

шаруашылық шешімдерінің сабақтастығы.

Жалпылай айтқанда қаржы менеджменті дегеніміз – бұл кәсіпорынның табыс табуына және өндірісті дамытудың стратегиялық мақсаттарын жүзеге асыру үшін қажетті ақша ағындарын қамтамасыз етумен, қаражаттар мен ақша қорларын қалыптастырумен және қолданумен байланысты кәсіпорындардың басқару қызметі болып табылады.

Қаржы менеджментінің негізгі міндеті – қаржыны басқарудың кәсіпорынның стратегиялық және жылдық мақсаттарына қол жеткізуге бағытталған тиімді жүйесін қалыптастыру болып табылады. Нақты бір кәсіпорынның қаржыны басқару жүйесі көптеген факторларға байланысты болады: меншіктік нысанына, ұйымдық-құқықтық дәрежесіне, салалық және технологиялық ерекшеліктеріне, капитал көлеміне.

Бүгінгі таңда әлемдік жетекші компаниялардың іскерлік стратегиясы бәсекелестік артықшылықтарға қол жеткізуге бағытталған. Демек, стратегия дегенімізді нарықтағы ұзақ мерзімді бәсекелестік артықшылықтарды анықтау және жүзеге асыру арқылы өз мақсаттарына жетуге бағытталған қорытынды жоспар ретінде қарастыруға болады. Стратегиялық мақсаттардың саны мен қалыптасуы әрбір компанияда алуан түрлі болуы мүмкін. Олар бір-бірімен тығыз байланысты, бірін-бірі толықтырып отырады, сондықтан да кәсіпорын өз қарамағында түрлі мақсаттардың толық кешені болуы тиіс. Қаржы менеджментінің мақсаттарын келесідей тәртіп бойынша саралауға болады:

- қаржылық дағдарысты немесе қолайсыз жағдайларды болдырмау;
- өндіріс және өнімді өткізу көлемін арттыру;
- бәсекелестермен күресте жетекші орынға ие болу (қаржыгерлердің көзқарастары бойынша бәсекелестік қабілет капиталдың рентабельділігімен, яғни капитал бірлігіне келетін табыстың мөлшерімен, сипатталады);
- кәсіпорын құнығын барынша арттыру.

Қаржы менеджменті бәсекелестік ортадағы ортадағы ролі өндіріс барысын тиімді ұйымдастырумен және оны қажетті қаржы ресурстарымен қамтамасыз ету, осы процесстерді үнемі бақылап отырудан көрініс табады. Нарықтағы үлкен сұраныстарға ие болып жүрген тауарларды немесе әлі нарыққа түспеген жаңа тауарларды іздестіру, оларды өндіруге инвестициялар салу кәсіпорынның табыс көздерін арттыруға септігін тигізеді.

Кәсіпорынның қаржы менеджменті мен маркетингтік саясатының бәсекелестік ортадағы артық орны ерекше. Бағалық шешімдерді дұрыс қабылдай білу, нарықтың белгілі бір сегменттеріне дұрыс икемделу, тауарды өткізу бойынша ұдайы күш жұмсау, тауарды өткізуді жіті қадағалау және бақылау, сондай-ақ маркетингтік саясатты уақтылы түзету кәсіпорынның қаржылық табыстарға жетудің маңызды элементтері болып табылады. Осы орайда қаржы менеджменті мен маркетингтік қызметтің бір-бірімен тығыз байланысы көрініс табады.

Кәсіпорын қандай да бір нарықта немесе салада болмасын, оның өміршеңдігі, бәсекелестік қабілетіне тек өзінің қаржылық жағдайын бағалап қана қоюмен шектелмейді. Аталған салада немесе нарықта осы тектес тауар өндіруші кәсіпорындар қызмет етуде, тұтынушылардың көңілін жаулап алуға тырысуда екенін қаржы менеджерлері есте естен шығармаса керек. Нарықтағы сұраныс пен ұсыныстың қатынасы (нарық конъюнктурасы), тұтынушылардың талғамы, кәсіпорынның өндірістік қуаты – міне осы аталған көрсеткіштердің тиімді қатынасын қалыптастыра білу кәсіпорынның бәсекелестік қабілетінің нақты жағдайын анықтал береді.

Маркетингтік зерттеулердің маңызды көрсеткіштері – бұл тауардың сұраныс қисығы мен ұсыныс қисығы болып табылады.

Отандық кәсіпорындардың бәсекелестік қабілетін арттыру кәсіпорындардың өз тарапынан және, ең алдымен, мемлекет тарапынан бірқатар шараларды қажет етеді. Қазіргі таңда кәсіпорындардың бәсекелестік қабілетін арттыруға бөгет болып тұрған бірқатар ішкі және сыртқы факторларды қарастырайық.

Біріншіден, дамыған елдермен салыстыруға келмейтін отандық кәсіпорындарға мемлекеттік тарапынан көрсетілетін қолдау. Бірінші кезекте, бұл жерде ішкі нарықтың дамуына себеп болатын және отандық тауар өндірушілердің қалықаралық деңгейде мүдделерін қорғайтын мемлекеттік нормативтік құжаттардың, территориялық экспорттық баж салықтары мен жөнелдіктерді керек кезінде қабылдауы түсінуге болады.

Екіншіден, технологиялық жағынан артта қалғандық. Өнеркәсіп саласындағы көптеген кәсіпорындар негізгі құралдардың жоғарғы деңгейдегі табиғи немесе моральдық тозуына байланысты өндірістік құралдарды түбегейлі қайта құруға және жаңаландыруға мұқтаж болып отыр.

Үшіншіден, қаржы менеджерлерінің, маркетингтік мамандардың, брокерлер мен дилерлердің жетіспеушілігі. Қаржы активтерімен (бірінші кезекте фьючерстермен және опциондармен) сауда жасау әрекеттері, екіншіше орай, дамыған елдермен салыстырғанда, төмен деңгейде.

Төртіншіден, құнды қараздар нарығының бәсекелестік қабілеті. Барлық елдерде қор нарығы және мәселелермен, атап айтқанда, басқа нарықтар тарапынан бәсекелестікпен, қақтығысуда. Бұл қысым қор нарықтарына өзінің ішкі құрылымын, болып жатқан өзгерістерге икемдеуге итермелейді. Сонымен қатар, нарықты барынша икемдеуге және технологиялық дамытуға ауқымды инвестициялық бағдарламалар қажет, ал бұл өз, кезегінде, ірі көлемдегі қаржы салымдарын қажет етеді.

Жоғарыда аталған факторлар, сонымен қатар отандық кәсіпорындардың бәсекелестік қабілетінің күшті жақтарын бағалау еліміздегі кәсіпорындардың, сондай-ақ жалпы экономикамыздың бәсекелестік қабілетін арттыруға септігін тигізетіні сөзсіз.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Балабанов И.Т., «Основы финансового менеджмента», Москва – 1998
2. Демеуов Б., «Финансовая конкурентоспособность компаний и пути ее повышения», Қаржы-қаражат – Финансы Казахстана, 2004, №4
3. Джумагельдиева Г.А., «Конкуренция: теория и механизмы развития», Алматы – 2003
4. Ковалев В.В., «Финансовый анализ», Москва – 1998
5. Ковалева А.М., «Финансы фирмы», Москва – 2002
6. Колчина Н.В., Поляк Г.Б., «Финансы предприятий», Москва – 2003
7. Романовский М.В., Сабанги Б.М., «Финансы», Москва – 2002
8. Сәрсенбаев А., «Тұтыну тауарлары нарықтарындағы табыстық стратегиялық факторлар», Қаржы-қаражат – Финансы Казахстана, 2004, №4
9. Слепов В.А., «Финансы и цены», Москва – 1999
10. Столынова Е.С., «Финансовый менеджмент», Москва – 2003